

« 13 » 10 2021 ж.
№ 68 бұйрыққа
1-қосымша

«Ең үздік химия пәнінің мұғалімі» ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Бұл ереже байқаудың мақсаттары мен міндеттерін сипаттайды, жарыс өткізу тәртібін реттейтін ережелерді анықтайды;

1.2 «Ең үздік химия пәнінің мұғалімі» байқауы – бұл химия пәні педагогтері арасындағы кәсіби шеберлік байқауы;

1.3 Байқау мұғалімнің оқу-әдістемелік үздік нәтижелерін анықтайды;

1.4 Байқауға кемінде 3 жылдық педагогикалық өтілі бар және оқытуда жоғары жетістіктері бар мектеп мұғалімдері қатыса алады.

2. БАЙҚАУ МАҚСАТЫ мен МІНДЕТТЕРІ

2. Химия пәні бойынша таңдау, қолданбалы, арнайы, элективті курстар, оқу пәндерінің авторлық бағдарламаларын құрастыратын үздік педагогтерінің алдыңғы қатарлы авторлық тәжірибесін анықтау және тарату.

➤ Кәсіби өзін-өзі дамытуды жүзеге асыруға қолайлы жағдайлар жасау арқылы оқытушылар құрамының ғылыми әлеуетінің белсенділігін ынталандыру;

➤ Мұғалімдердің одан әрі кәсіби дамуына деген ынтаны арттыру.

➤ Тәжірибеде өзінің жеке әзірлемелерін қолдануға мүмкіндік туғызу;

➤ алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені тарату;

3. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1 Байқауға келесі құжаттарды ұсынған оқытушылар жіберіледі:

- байқауға қатысуға өтінім;

- жеке куәліктің көшірмесі;

3.2 Қазақ немесе орыс тілдерінде, баспа және электронды нұсқада авторлық бағдарламаларын ұсынылады және орталықтың байқау комиссиясына 2021 жылғы 26 қарашаға дейін konkurs_himiya@mail.ru почтасына жіберіледі.

Авторлық бағдарламаның элементтері:

- бастапқы бет; - рецензия (кемінде 3 рецензия (ғылыми қызметкердің, практик мұғалімнің));

- түсіндірме жазба;
- оқу-тақырыптық жоспар;
- авторлық бағдарламаның мазмұны;
- авторлық бағдарлама;
- әдістемелік сүйемелдеу.
- Бастапқы бетте:
- заңды құжатына сай білім беру ұйымының атауы;
- тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес), бағдарлама авторының қызметі;
- авторлық бағдарламаның атауы;
- авторлық бағдарламаны әзірленген жылы.

Бағдарламаның түсіндірме жазбасы:

- бағыты;
- өзектілігі, жаңалығы, педагогикалық мақсаттылығы;
- мақсаты мен міндеті; - ерекшелігі;
- күтілетін нәтижелері және оларды тексеру әдістері.
- Авторлық бағдарламаның мазмұны:
- Авторлық бағдарламаның мазмұны:
- оқу-тақырыптық жоспар, бөлімдердің, тақырыптардың тізілімі;
- теориялық және тәжірибелік сабақтарға бөлінген әрбір тақырыпқа арналған сағаттар саны.

- Авторлық бағдарламалардың мазмұны тақырыпты қысқаша баяндау арқылы ашылады (теория және практика).

- Авторлық бағдарламаның әдістемелік қамтамасыз етілуі:
 - сипаттамасы;
 - тақырып бойынша жоспарланған сабақ түрлері (ойын, саяхат, конкурс, конференция т.б.);
 - оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдері, дидактикалық материалдар, сабақтың техникалық жабдықталуы;
 - әр тақырып немесе бөлімнен кейін қорытындысын шығару түрлері.

- Материалдар қағаз және электрондық тасымалдаушылармен тапсырылуы керек. Жоба жазуға қойылатын талап: - форматы – А4, тексттік редакторы - MS Word; шрифтiсi - Times New Roman, шрифтiң өлшемі -14, шет сызығы – 2 см. барлық жағынан, жол аралық интервал – 1-1,5, бағыты кітапша, тасымалсыз.

3.3 Байқау комиссиясы ұсынылған материалдарды талдайды және шешім қабылдайды.

3.4. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4. БАЙҚАУДЫҢ ӨТКІЗІЛУ ТӘРТІБІ

4.1. Орталықтың сайтында «Ең үздік химия пәнінің мұғалімі» байқауы туралы хабарландыру жарияланады;

4.2. Байқау 2 кезеңмен өткізіледі:

1-кезең – байқауға ұсынылатын химия пәнінен авторлық бағдарламалар: элективті, қолданбалы, таңдау бойынша, арнайы курстар.

2-кезең – өз пәні бойынша тестілеуден өту. 29 қараша 2021 жыл;

Байқау қорытындысы 2021 жылғы 29 қараша күні шығарылады.

4.3 Байқау жеңімпаздары Білім беруді жаңғырту орталығының I, II, III дәрежелі дипломымен, Алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады;